

Ә.Г. Садыкова
А.О. Оңдаш

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: elnura.sadykova.98@mail.ru, ainurondash@gmail.com)

Креативті экономика: әлемдік тәжірибе және Қазақстан

Аннотация. Мақалада қазіргі жаһандық экономикадағы жаңа ұғымдар «креативтілік» және «креативті экономика» ұғымдары қарастырылған. Креативті экономика теориялық тұрғыдан зерттеліп, анықтама берілді. Сонымен қатар, оның жаһандану жағдайындағы экономикадағы орны, мәні мен компоненттері анықталды. Креативті экономиканы зерттеген шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі креативті экономиканың теориялары қарастырылды. Шетелдік ғалымдардың ішінде креативті экономика саласының аса танымал Р.Флорида, Дж. Хокинс, Ч.Лендри сияқты авторлардың еңбектері қарастырылды. Креативті экономиканың нарыққа енуі мен ары қарай дамуының шетелдік тәжірибелері көрсетілді. Сонымен бірге Қазақстандағы креативті экономиканың даму жағдайы сипатталды. Креативті экономиканың даму деңгейін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер анықталып, олардың әлем елдеріндегі және қазақстандық жағдайы зерттелді. Мақала соңында қазақстандық креативті экономика дамыту бойынша ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: креативтілік, креативті экономика, креативті класс, креативті индустриялар, ҒЗТКЖ, патент.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2021-4-92-102>

Кіріспе

Қазіргі уақыттағы экономика үшін ең маңызды орынға адами капитал ие болып отыр. Адами капиталды қажеттіліктерді қанағаттандыруға қолданылатын адамның өмір бойы жинаған білімі мен дағдылары деп анықтауға болады. Осылайша, адами капитал адамның таланты мен қабілетіне теңестіріледі. Өз кезегінде талант пен қабілетті «креативтілік» деп қабылдауға болады.

Қазіргі ұғымда креативтілік – ауқымды және үздіксіз тәжірибе, ол барлық қабілеттерге ортақ дағдыларға, сондай-ақ экономикалық және басқа да пайда алу үшін қолданылатын тәжірибе мен құзыреттілікке негізделеді.

Нәтижесінде, шығармашылық пен экономика арасындағы байланысты қарастыру қызықты болып көрінді. Осылайша «креативті экономика» түсінігі пайда болды.

Креативті экономика-бұл негізінен қызмет көрсету саласында болып жатқан процестерді қамтитын шығармашылық сектордың экономикасы, бірақ осы саладағы қызмет нәтижелерін экономиканың барлық салаларында табуға болады. Креативті экономика-ең алдымен ғылым, өнер және мәдениет салаларының экономикасы. Ол инновацияның қозғаушы күші және ғылыми-зерттеу саласында да, бизнес, өнер, мәдениет немесе дизайн саласында да жаңа тәсілдерді жасаушы болып саналатын шығармашылық

таптың жоғары үлесіне сүйенеді.

Креативті экономиканың қазіргі инновациялық әлем үшін осындай маңыздылығы бұл тақырыпты зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Мақаланың мақсаты креативті экономиканың әлемдік тәжірибесін зерттеп, оны Қазақстанның экономикасы мен сыртқы экономикалық қызметінің қарқынды сапасы мен оның бәсекеге қабілеттігі үшін қолданудың мүмкіндіктерін анықтау болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін алдымен креативті экономиканың экономиканың жаңа категориясы ретінде анықтаманы қалыптастыру керек, сонымен қатар әлемдік елдердің экономикасы үшін бұл ұғымның қаншалықты маңызды екенін анықтау арқылы оның Қазақстан экономикасында алатын орнын түсіндіру қажет болып табылады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысын орындау барысында креативті экономика бойынша теориялар анықтала отырып, теориялық қорыту және болжау әдістері қолданылды. Креативті экономиканы сипаттайтын көрсеткіштерді талдау барысында экономикалық-статистикалық салыстыру әдісі қолданылып, логикалық ойлау және ситуациялық талдау жүргізілді. Жалпы зерттеу жұмысын орындау барысында ғылыми танымның индуктивтік және дедуктивтік әдістері белсенді қолданылды. Жүйелік көзқарас арқылы зерттеу жұмысының негізгі мазмұны қорытындыланып, автордың ұсыныстары берілді.

Талқылау

«Креативтілік» терминінің кең таралуы (лат. creatio-жаратылыс) 1950-ші жылдары психологияда пайда болуынан басталды [1]. Креативтілік қазіргі адамның жеке басының мінез – құлқының ғана емес, күрделі ұйымдастырылған қарым-қатынас жүйелерінің қасиеті болып саналады, бұл

жаңа термин – «креативті экономиканың» пайда болуына себеп болды.

1970-1980 жылдары әлемде экономикалық дағдарыс болды, оның себептері мұнайдың күрт қымбаттауы, қаржылық және экономикалық дағдарыстар еді. Дағдарыстың салдары өндірістің күрт құлдырауы, инфляция, доллардың халықаралық валюта ретінде қабылданбауы, постиндустриалды қоғамға көшудің басталуы, әлеуметтік наразылық, сондай-ақ АҚШ пен Еуропа елдеріндегі саяси қайраткерлердің ауысуы болды. Маргарет Тэтчер бастаған Ұлыбританияның жаңа Үкіметі интеллектуалды және шығармашылық капиталға негізделген экономиканы дамытуға индустриалды қалаларды қайта құруға негізделген елдің даму стратегиясын жасады. 1998 жылдан бастап креативті индустрияны дамыту ұлттық және муниципалды Британдық саясаттың басымдығы болып табылады. Ұлыбритания Үкіметінің мәдениет, БАҚ және спорт департаменті креативті индустрияларға келесі анықтаманы берді: «Креативті индустриялар – бұл жеке шығармашылыққа, шеберлікке немесе талантқа негізделген және зияткерлік меншікті өндіру және пайдалану арқылы қосымша құн мен жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін қызмет» [2].

2000 жылдардың басынан бастап әлемнің көптеген өңірлері мен қалалары білім, шығармашылық және инновация экономикасы ретінде креативті экономиканың бөлігі болып табылатын креативті индустрияларды дамыту бағытында қозғала бастады.

2000 жылы Business Week журналында алғаш рет «Креативті (шығармашылық) экономика» деген жаңа ұғым қолданылған еді. Автор ХХІ ғасырдағы корпорацияның рөлін өзгерту туралы, идеялардың маңыздылығы артып, зияткерлік ресурстар өндірістің негізгі факторына айналған кезде оларды жаңа экономика жағдайларына бейімдеу мүмкіндіктері туралы айтады. Креативті экономика субъектілердің бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейіне қол жеткізуге және қосымша экономикалық

және әлеуметтік әсерлер алуға мүмкіндік беретін стандартты емес әдістердің көмегімен туындайтын және ықтимал проблемаларды шешу қабілетіне негізделген [1].

Осы саладағы негізгі жұмыстар БҰҰ креативті экономика жөніндегі консультациялық кеңестің мүшесі Д.Хокинстің, экономист, әлеуметтанушы Р. Флориданың және Дүниежүзілік Банктің сарапшысы Ч. Лэндридің еңбектері болып саналады, оларда креативтілік жаңа экономиканың табысты дамуының атрибуты ретінде қарастырылады.

2001 жылы Дж. Хокинс «Креативті экономика. Идеялардан қалай ақша табуға болады» деп аталатын монографиясын шығарды. Автор креативті экономиканы жер, еңбек, капиталға негізделген экономикадан бөліп, шығармашылыққа негізделген жаңа жүйе деп қарастырады.

Джон Хокинс өзінің монографиясында әлемдік экономикада пайда болып, оған әсерін тигізіп жатқан креативті индустрияларды зерттеді. Автор креативті индустриялардың қатарына дизайн, кино, музыка, бағдарламалау сияқты 15 шығармашылық саланы енгізген [3]. Креативті салалардың дәстүрліден айырмашылығы:

1. Ресурс ретінде шығармашылық пен зияткерлік капитал қолданылады.
2. Саланың өнімі креативті материалдық және патенттер, сауда белгілері, авторлық құқықтар түріндегі материалдық емес өнімдер болып табылады.


Креативті экономика тақырыбын зерттеген тағы бір ғалым Ричард Флорида болды. Ол 2002 жылы жарық көрген өзінің «Креативті класс» кітабында материалдық және рухани класстардан бөлек жаңа креативті классты бөліп көрсетті. Автор осы жаңа креативті классты XIX ғасыр қоғамының өзегі болады деп санады. Флорида креативті экономиканы дамытудың негізгі қағидасы – «3Т» қағидасы деп түсінді: технология, талант, төзімділік [4].

Флорида «Креативті класс» кітабында креативті классты екі топқа бөліп қарастырады. Бірінші топқа экономикалық функциясы жаңа идеяларды, жаңа технологияларды қалыптастырумен байланысты және ғылым,

IT, дизайн, сәулет сияқты шығармашылық салаларда қызмет ететін адамдар кіреді. Екінші топтағы адамдар бизнес, қаржы, денсаулық сақтау сияқты аралас салаларда жұмыс істейді, осы салаларға креативті жаңалықтар қосады.

Креативті экономикаға арналған маңызды кітаптардың бірі Чарльз Лендри жазған «Креативті қала» болып табылады. Лендри XIX ғасырды «қалалар ғасыры» деп санайды [5]. Өз кезегінде креативті қалалардың дамуы олардың тұрғындарының шығармашылық капиталының деңгейімен байланысты. Сол себепті Лендридің тұжырымдамасы бойынша XIX ғасырда қалаларды дамытуда табиғи ресурстар мен инфрақұрылым екінші орында, ал адами капитал бірінші орынды иеленеді.


Жоғарыда аталған авторлардың теорияларын қорытындылай келе, креативті экономиканы креативті индустрия, креативті класс, креативті қала негіздерін біріктіретін жаңа экономикалық жүйе деп қарастыруға болады (1-сурет).



Сурет 1 – Креативті экономика жүйесі

Ескерту – [3],[4],[5] дереккөздері негізінде автормен құрастырылған.

Осы аталған креативті экономиканың құрамдас бөлігі әлем елдерінің әрбір елінің креативті экономикасындағы негіздер болып табылады және осы елдердің креативті экономикасының жағдайы мен құрылымын сипаттай алады. Енді әлемдік елдердің кейбірінің креативті экономикасына тоқталып өтейік.



Сурет 2 – Әлем аймақтарындағы креативті экономика, %
Ескерту - [6] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған.

Зерттеу нәтижелері

Креативті экономика ең көп шоғырланған әлем аймақтары 2-суретте бейнеленген.

2-суретте көріп отырғанымыздай, креативті экономика ең көп дамыған аймақ Азия-Тынық мұхиты аймағы болып табылады. Мұнда әлемдік креативті экономиканың 33%-ы (\$743 млрд.) шоғырланған. Екінші орында 32% (\$709 млрд) көрсеткішпен еуропалық елдер тұр. Солтүстік Америка аймағы 27% (\$620 млрд) көрсеткішпен үшінші орынға ие. Қалған әлем аймақтары әлемдік креативті экономиканың тек 8% үлесін иемденеді [6].

Еуропадағы және бүкіл әлемдегі креативті экономикасы ең дамыған ел Ұлыбритания болып табылады. Креативті экономика елдің ЖІӨ-нің 7% - ын қамтамасыз етеді, бұл ретте сектор үнемі өсіп келеді. Соңғы жылдары шығармашылық жұмыс күшінің саны жалпы жұмыс күшіне қарағанда тез өсуде. Ұлыбританияның креативті экономикасынан сағатына 10 млн. фунт стерлинг табыс табады және жылына шамамен 9% - ға өсіп отырады [7]. Ұлыбританияның ең креативті бағдарланған қалаларына Ішкі Лондон, Беркшир, Бакингемшир және Оксфордшир кіреді. Еуропадағы креативті бизнестің ең қуатты өңірлік кластері Ішкі Лондон болып қала береді. Мемлекет үкіметі креативті экономиканы әртүрлі әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешімі деп санайды, сол себепті саланың дамуы үшін жан-жақты қолдау көрсетеді.

АҚШ-тағы креативті экономика Ұлыбританияға қарағанда көбірек шоғырланған. АҚШ 2006 жылдан бастап негізінен дизайн өнімдерін, баспа және аудиовизуалды өнімдерді экспорттай отырып, креативті индустриялардың таза экспорттаушысы болып табылады. АҚШ-тың креативті экспорттық стратегиясы «глокализация» стратегиясы болып табылады, өйткені ол шетелдік тұтынушыларға бейімделген өнімдер мен қызметтерден тұрады. АҚШ-та мәдени, шығармашылық салаларды дамытудың бірыңғай федералды саясаты жоқ. Осыған қарамастан, АҚШ-та креативті индустриялар шеңберінде 2019 жылы 30 млн. астам жұмыс орны құрылды. Мәдени индустрияның саясаты АҚШ-та Штаттар мен муниципалитеттер деңгейінде жасалады және жүзеге асырылады. Онда әртүрлі мәдени бастамалар мен тәжірибелер жүзеге асырылады, олардың тәжірибесін АҚШ-тағы танымал «креативті қалалар» қозғалысын зерттеумен айналысатын ғалымдар мен практиктер талдайды. АҚШ-та екі мәдени сектор бар, олардың құрылу принципі әр түрлі: коммерциялық емес – саяси жағдайға және жеке қайырымдылыққа тәуелді өнер секторы. Мемлекеттік және муниципалды деңгейдегі мәдени саясат, мәдени миссияны жүзеге асыра отырып, қоғамның гомогенизациясын қамтамасыз етеді, әлеуметтік алып тастау мәселесін азайтады. Екінші секторға тұтынушылық сұранысқа бағынатын корпорациясының

Әлем аймақтарындағы креативті экономика секторлары

Әлем аймақтары	Креативті экономика секторлары
Азия-Тынық мұхит аймағы	ҒЗТКЖ, жарнама, сәулет, дизайн, сән, кинематография, туризм, шығармашылық қолөнер, теледидар және радио, ақпараттық және компьютерлік технологиялар, тамақ өнеркәсібі, антиквариат нарығы, музыка, К-рор, видео-ойындар.
Солтүстік Америка аймағы	ҒЗТКЖ, жарнама, сәулет, дизайн, кинематография, теледидар және радио, музыка, баспа ісі, ақпараттық және компьютерлік технологиялар, сахна өнері, сәндік-қолданбалы өнер, антиквариат нарығы, туризм.
Еуропа елдері	Жарнама, ҒЗТКЖ, сәулет, дизайн, сән, кинематография, бейне ойындар, шығармашылық қолөнер, теледидар және радио, музыка, ақпараттық және компьютерлік технологиялар, сәндік-қолданбалы өнер, антиквариат нарығы, сахна өнері, әдебиет, баспа ісі.

Ескерту – [6],[7],[8] дереккөздері негізінде автормен құрастырылған.

халықаралық деңгейіне бағдарланған - «копирайт – индустрия» коммерциялық сектор кіреді. Жалпы АҚШ-тағы кәсіпкерлік қызметке салынатын салықтың төмен деңгейі орта және шағын бизнес секторындағы шығармашылыққа жаңа кеңістік ашады.

Оңтүстік Кореяда креативті экономиканың қалыптасуы мен дамуына мемлекеттік шектеулер мен медианы бақылауды алып тастау, киноның еуропалық және американдық аудиторияның талғамына қайта бағытталуы, К-рор ойын – сауықтың әлемдік нарығына-корей поп-музыкасының жаһандық субмәдениетке айналуы себеп болды. Креативті индустриялардың жекелеген салаларын дамыту және корей контентін жаһандық нарықтарға ілгерілету үшін 2007-2009 жылдары арнайы үкіметтік агенттіктер құрылды, мысалы, КОССА [8]. Кореядағы К-рор-тің креативті экономика үшін қазіргі таңдағы рөлі зор болып отыр. Әсіресе, К-рор өкілі BTS тобын ерекше атап өту керек. NinetyOne музыкалық тобының продюсері, Juzent. бас директоры Ерболат Беделханның айтуынша, Оңтүстік Кореяда BTS-тің бір ғана корей тобы жыл сайын Корея экономикасына шамамен 3,63 миллиард доллар әкеледі және әрбір 13-ші шетелдік топқа қызығушылығының арқасында елге келеді. 2018 жылы Hyundai Экономикалық

зерттеулер институты ұжымды ел экономикасына оң әсер ететін жеті фактордың бірі деп атады [9].

Жоғарыда келтірілген креативті экономиканың әлем елдеріндегі даму тәжірибесін ескере отырып, креативті экономиканың әлем аймақтарындағы секторларын бөліп көрсетуге болады. Осы секторлар 1-кестеде келтірілген. Барлық аймақтарға тән секторларға ҒЗТКЖ, жарнама, сәулет, дизайн, кино, ақпараттық және компьютерлік технологиялар, сәндік-қолданбалы өнерді жатқызуға болады. Бұл секторлардың танымалдығы олардың ең тиімді болып табылатындығына және әлемде әрқашан өзекті болып қала беретініне байланысты.

Жоғарыда аталған барлық елдердегі креативті экономика әртүрлі бағыттарда жылдам қарқынмен дамып келеді деп қорытынды жасауға болады. Қазіргі экономика негізінен креативті экономика болып табылады. Материалдық емес идеялар мен зияткерлік құқықтармен айналысатын креативті экономиканың мәні – жаңа идеяны шығару және оның бірегейлігін белгілеу.

Қазақстанның креативті экономикасына тоқталып өтейік. 2018 жылы британдық кеңес Нархоз университетімен бірлесіп жүргізген Қазақстандағы креативті индустрия

зерттеулерінің деректеріне сәйкес елде креативті индустрияға жатқызуға болатын 17,7 мың кәсіпорын (елде тіркелген заңды тұлғалардың жалпы санының 3,9% - ы) бар.

Қазақстанда креативті экономиканың негізгі шоғырланған аймағы Алматы қаласы болып табылады. Мұнда басқа ел аймақтарына қарағанда ең көп оқу орындары, мұражайлар мен театрлар орналасқан, шығармашылық салалардың ең ірі нарығы бар. Алматыда соңғы жылдары SmArt.Point және SIGS Space, ArtFuture, көп салалы «Трансформация» алаңы сияқты бірнеше ірі шығармашылық кеңістіктер ашылды. Алматыда Қазақстанның креативті секторының 45% - ы шоғырланған [10].

Қазақстанда креативті экономиканың толыққанды дамуына креативті класс өкілдерінің шет елдерге қоныс аударуына ықпал ететін бірқатар себептер кедергі келтіреді, бұл елдің зияткерлік, шығармашылық және ғылыми әлеуетінің айтарлықтай жоғалуына әкеледі.

Креативті экономиканың даму деңгейін Р. Флорида ұсынған көрсеткіштер бойынша бағалауға болады [4]. Олардың ішінде:

- креативтілікке инвестициялар;
- креативті өнімділіктің өсуі;
- креативті жұмыс күшінің өсуі.

Креативтілікке инвестициялар деп ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге жұмсалатын ішкі шығындар түсініледі.

ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын ішкі шығындардың әлем елдеріндегі деңгейі әртүрлі болып

келеді және ол елдің ЖІӨ-дегі пайыздық көрсеткішімен сипатталады. 2-кестеде әлем елдерінің ҒЗТКЖ-ға жұмсаған шығындарының рейтингісі берілген.

2-кестеде келтірілген мәліметте ҒЗТКЖ-ға кеткен шығындар бойынша алғашқы бестікке Израиль, Оңтүстік Корея, Швеция, Жапония, Австрия кіреді. Бұл рейтинг негізінен ҒЗТКЖ-ға жалпы шығындар мөлшері (соммасы) бойынша емес, оның елдің ЖІӨ-дегі пайыздық көрсеткіші бойынша жасалған. 2-кестеде көрсетілгендей, Израиль 2019 жылы ҒЗТКЖ-ға өзінің ЖІӨ-нің 4,9%-ын, яғни 16,888 млрд. АҚШ долларын жұмсаған. Осылайша, Израиль бұл рейтингте көш бастап тұр. Оңтүстік Корея 100,055 млрд. АҚШ долларын немесе 2019 жылғы елдің ЖІӨ-нің 4,6%-ын ҒЗТКЖ-ға арнап, рейтингте 2-орынды иемденді. Швеция 17,722 немесе ЖІӨ-нің 3,4%-ын ҒЗТКЖ-ға жұмсап үштікті жапты. ЖІӨ-нің 3,2%-ын ҒЗТКЖ-ға жұмсап, 4-ші және 5-ші орындарды сәйкесінше, Жапония (172,614 млрд. АҚШ доллары) мен Австрия (14,945 млрд. АҚШ доллары) иеленді.

Ал Қазақстанға келетін болсақ, «UNESCO Institute for Statistics: Research and Development Expenditure 2019» зерттеуіне сәйкес ҒЗТКЖ-ға жұмсалған шығындар ЖІӨ-нің 0,12%-на тең болған [11]. 2019 жылы Қазақстандағы ҒЗТКЖ-ға жұмсалған шығындардың жалпы соммасы 82,3 млрд. теңгені құраған. Ал 2020 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстанның ҒЗТКЖ-ға жұмсаған шығындары ЖІӨ-нің тек 0,12%-ына тең болды [12]. Бұл көрсеткіш 2018 жылдан бері өзгеріссіз сақталып келеді.

Кесте 2

Әлем елдеріндегі ҒЗТКЖ-ға арналған шығыстар деңгейі

Елдер	Рейтингтегі орны	ЖІӨ-дегі пайыздық көрсеткіші, %	ҒЗТКЖ-ға жалпы шығындар мөлшері, млрд. АҚШ доллары
Израиль	1	4,9	16,888
Оңтүстік Корея	2	4,6	100,055
Швеция	3	3,4	17,722
Жапония	4	3,2	172,614
Австрия	5	3,2	14,945

Ескерту – [11] дереккөзі негізінде автормен құрастырылды.

Қазақстанның ҒЗТКЖ-ға жұмсаған шығындары

Жылдар	ЖІӨ, млн. теңге	ҒЗТКЖ-ға жұмсалған шығындар, млн. теңге	ЖІӨ-нің %
2015 жыл	40 884 133,6	69 302,9	0,17
2016 жыл	46 971 150,0	66 600,1	0,14
2017 жыл	54 378 857,8	68 884,2	0,13
2018 жыл	61 819 536,4	72 224,6	0,12
2019 жыл	69 532 626,5	82 333,1	0,12
2020 жыл	70 134 099,8	85 180,6	0,12

Ескерту - [12] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған.

Дегенмен, бұл тек ЖІӨ-дегі пайыздық көрсеткіші болып есептеледі. Жалпы Қазақстанның соңғы жылдардағы ҒЗТКЖ-ға жұмсалған шығындарын 3-кестеден көруге болады.

3-кестедегі мәліметтерге сәйкес, Қазақстанның ЖІӨ-нің жалпы мөлшері мен ҒЗТКЖ-ға жұмсалған шығындардың 2015 жылдан 2020 жылға қарай артқанын көруге болады. Дегенмен, ҒЗТКЖ-ға кеткен шығындардың елдің ЖІӨ-дегі пайыздық көрсеткіші төмендеген.

2015 жылы Қазақстанда ҒЗТКЖ-ға 69,3 млрд. теңге жұмсалған болатын, бұл сәйкесінше, ЖІӨ-нің 0,17% - ына тең болған еді. 5 жылдан кейін, яғни 2020 жылы 85,2 млрд. теңге жұмсалып, ЖІӨ-нің 0,12%-ын құрады. ҒЗТКЖ-ға кеткен шығындар 2015 жылдан бері 19%-ға артқанын есептеп көрсетуге болады. Ал ЖІӨ-дегі пайыздық көрсеткіштің төмендеуі

елдің ЖІӨ-нің жоғарылауымен түсіндіріледі.

Р. Флорида бойынша креативті экономиканың даму деңгейін сипаттайтын екінші көрсеткіш креативті өнімділіктің өсуі болып табылады [4]. Бұл елдегі патенттерді беру және алу үрдісінің өсуі арқылы анықталады. 3-суретте «World Intellectual Property Organization: World Intellectual Property Indicators 2020» рейтингісіндегі алғашқы бестік туралы ақпарат берілген.

3-суреттегі диаграммада World Intellectual Property Organization ұйымының 2020 жылы жарияланған патенттер саны бойынша әлем елдерінің алғашқы бестігі көрсетілген. Патенттер алуға жалпы берілген өтінімдер бойынша алғашқы бестікке Азия-Тынық мұхиты аймағының 3 елі кіреді: 1400661 өтініммен Қытай, 307969 өтініммен Жапония және 218975 өтініммен Оңтүстік Корея. Рейтингте екінші орынды Америка



Сурет 3 – Патенттер саны бойынша әлем елдерінің рейтингі және Қазақстан

Ескерту – [13] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған.

құрлығындағы 621453 өтініммен АҚШ иеленді. Рейтингтің алғашқы бестігін 67434 өтініммен еуропалық Германия жабады. 3-суретте Қазпатент Ұлттық зияткерлік меншік институтының 2020 жылы жарияланған Қазақстандағы патент алуға берліген өтінімдер саны көрсетілген. Осы мәлімет бойынша Қазақстанда патент алуға 18897 өтінім берілген деп көрсетілген [14].

Р.Флориданың креативті экономиканың даму деңгейінің үшінші көрсеткіші – *креативті жұмыс күшінің өсуі* [4]. Креативті жұмыс күшінің өсуі деп елдегі зерттеуші-ғалымдар мен инженерлердің саны көрсетілген. 4-суретте әлем елдеріндегі зерттеуші-ғалымдар саны көрсетілген.

4-суреттегі диаграммада Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының 2019 жылғы мәліметтері бойынша әлем елдеріндегі зерттеуші-ғалымдар саны көрсетілген. Бұл көрсеткіш жұмыспен қамтылған 1 000 адамға елдегі зерттеушілер санының арақатынасы ретінде өлшенеді. Осы көрсеткіш бойынша әлем елдерінің алғашқы бестігіне 4-суретте көрсетілгендей Оңтүстік Корея, Швеция, Финляндия, Дания, Тайвань кіреді.

Қазақстандағы креативті экономиканың креативті жұмыс күшінің өсуі көрсеткіші жыл сайын дамып келеді. ҚР Ұлттық статистикалық бюросының мәліметтеріне сәйкес, елдегі ҒЗТҚЖ-мен айналысқан зерттеуші-мамандар саны 2020 жылы 17412 адамға жеткен. Оның ішінде ғылым докторларының саны

1697 адам, бейіні бойынша докторлар-293, философияның PhD докторы – 1342, ғылым кандидаттарының саны 4169 адамды құрады [12].

Қорытынды

Қорытындылай келе, креативті экономика объективті түрде сөзсіз қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық тәртіпті біртіндеп алмастыратынын атап өтуге болады. Жоғарыда келтірілген әлемдік елдердің креативті экономиканы құру мен дамытудағы тәжірибесін ескере отырып, Қазақстанда креативті экономиканы дамытудың бірнеше тұжырымдамаларын қалыптастыруға болады.

Қазақстанда креативті экономиканы қалыптастырушы шығармашылық тұлғаларға өз идеяларын дамыту қиынға соғуда. Себебі, елімізде шығармашылық идеяларды қаржыландыру жүйесі төмен деңгейде тұр. Осы саланың дамуына, оның ішінде әртүрлі шығармашылық өнімдер мен стартаптарды қолдау және дамытудың мемлекет тарапынан арнайы бағдарламасы жасалуы тиіс. Өз кезегінде мемлекет саланы қолдай отырып, әртүрлі әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешімін табуға, саланың дамуына мүмкіндік береді. Осындай қолдаулардың бірі – АҚШ мысалындағы кәсіпкерлік қызметке салынып отырған салықтардың төмен өлшемі. Үкімет креативті кәсіпкерлікке төмен салықтар



Сурет 4 – 2019 жылғы елдер арасындағы 1000 жұмысшыға шаққандағы ғалымдар мен зерттеушілер саны

Ескерту - [15] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған.

деңгейін тағайындай отырып, «көлеңкелі экономиканың» төмендеуіне және креативті кәсіпкерліктің дамуына өз үлесін қоса алады.

Креативті экономиканың негізгі ресурсы адами капитал болып табылады. Яғни, креативті экономиканың болашағы Қазақстан жастарының адами капиталының даму деңгейімен тікелей байланысты. Сол себепті жастарды бала кезінен білім беру саласы арқылы креативті болуға тәрбиелеу керек. Олар бұл тәрбиені мектеп және өзге оқу орындарының қабырғасынан алуы тиіс. Сонымен қатар, осы алған креативтілік дағдыны Қазақстанның шекарасында қолданып дамыту үшін де қолдау жасалынуы тиіс. Себебі, қолдау болмаған жағдайда креативті дағдының иелері шетелге кетіп,

сол елдің шығармашылық экономикасын жақсартады.

Қазақстанның креативті экономикасын дамытудың тағы бір тұжырымдамасы деп шетелдік шығармашы тұлғаларды олардан тәжірибе алу үшін елге тарту керек. Олармен бірге арнайы шығармашылық бірлестіктер мен институттар құру қажет.

Креативті экономиканы қалыптастыру және дамыту елдің әлеуметтік-экономикалық даму үшін жаңа көкжиектерді ашады. Креативті экономиканы қалыптастыру күрделі әрі ұзақ процесс болып табылады. Дегенмен, шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, Үкіметтің қолдауымен қазақстандық креативті кеңістікті қалыптастыру өте маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Белокрылова О.С. Мировой опыт формирования креативной экономики и возможности его использования в России // Terra economicus. – 2013. – № 4-2 – С. 5-11.
2. Creative industries mapping document, 1998. [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.gov.uk/government/publications/creative-industries-mapping-documents-1998> (қаралған күні: 18.03.2021)
3. Хокинс Дж. Креативная экономика. – М.: ИД «Классика-XXI», 2011. – 322 с.
4. Флорида Р. Креативный класс: люди, которые меняют будущее. – Москва: ИД «Классика-XXI», 2007. – 324 с.
5. Лэндри Ч. Креативный город. – Москва: ИД «Классика-XXI», 2006. – 399 с.
6. The Global creativity index 2015. [Электрондық ресурс] – URL: <http://martinprosperity.org/media/Global-Creativity-Index-2015> (қаралған күні: 18.03.2021)
7. Comparing the Creative Economies of Canada, the U.K., and the U.S. [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.citylab.com/life/2016/04/how-do-the-worlds-top-creative-economies-stack-up/479022/> (қаралған күні: 20.03.2021)
8. Благова И.Ю. Зарубежный опыт развития креативных индустрий // Проблемы современных социокультурных исследований: сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции 27 октября 2020г. - Белгород: ООО Агентство перспективных научных исследований (АПНИ), 2020. - С. 45-48.
9. Как развивается креативная экономика в Казахстане. [Электрондық ресурс] – URL: https://forbes.kz/woman/industrii_serdtsa_1609328461/ (қаралған күні: 20.03.2021)
10. Развитие креативной экономики: зачем нам это надо? [Электрондық ресурс] – URL: <https://ekonomist.kz/zhussupova/ekonomika-kreativnaia-razvitie/> (қаралған күні: 20.03.2021)
11. Gross domestic spending on R&D. [Электрондық ресурс] – URL: <https://data.oecd.org/rd/gross-domestic-spending-on-r-d.htm> (қаралған күні: 24.03.2021)
12. ҚР Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. [Электрондық ресурс] – URL: <https://stat.gov.kz/> (қаралған күні: 24.03.2021)
13. World Intellectual Property Indicators 2020. [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.wipo.int/portal/en/index.html> (қаралған күні: 24.03.2021)
14. Статистические данные Национального Института интеллектуальной собственности. [Электрондық ресурс] – URL: <https://kazpatent.kz/ru/content/statisticheskie-dannye> (қаралған күні: 24.03.2021)

15. Ranking of OECD-countries by number of scientists/researchers 2019. [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.statista.com/statistics/264644/ranking-of-oecd-countries-by-number-of-scientists-and-researchers/> (қаралған күні: 24.03.2021)

Э.Г. Садыкова, А.О. Ондаш

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Креативная экономика: мировой опыт и Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются понятия «креативность» и «креативная экономика», которые являются новыми понятиями в современной глобальной экономике. Креативная экономика изучена теоретически и дано определение. Кроме того, определены ее место, сущность и компоненты в экономике в условиях глобализации. Были рассмотрены работы выдающихся авторов в сфере креативной экономики, таких как Р. Флорида, Дж.Хокинс, Ч. Лендри. Продемонстрирован зарубежный опыт вхождения креативной экономики в рынок и дальнейшего развития. Также была описана ситуация развития креативной экономики в Казахстане. Определены основные показатели, характеризующие уровень развития креативной экономики, изучено их состояние в странах мира и в Казахстане. В конце статьи даны рекомендации по развитию казахстанской креативной экономики.

Ключевые слова: креативность, креативная экономика, креативный класс, креативные индустрии, НИОКР, патент.

E.G. Sadykova, A.O. Ondash

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Creative Economy: World Experience and Kazakhstan

Abstract. The article discusses the concepts of «creativity» and «creative economy», which are new concepts in the modern global economy. The creative economy has been studied theoretically. In addition, there have been determined its place, essence, and components in the economy in the context of globalization. The article reviews works of prominent authors in the field of creative economics such as R. Florida, J. Hawkins, C. Lendry. The article demonstrates foreign experience in the entry of the creative economy into the market and further development. The article describes the situation of the development of the creative economy in Kazakhstan. There have been determined main indicators characterizing the level of development of the creative economy. There has been studied their state in the countries of the world and in Kazakhstan. At the end of the article, there were given recommendations for the development of the Kazakhstani creative economy.

Keywords: creativity, creative economy, creative class, creative industries, R&D, patent.

References

1. Belokrylova O.S. Mirovoi opyt formirovaniya kreativnoi ekonomiki i vozmozhnosti ego ispolzovaniya v Rossii, Terra economicus [World experience in the formation of a creative economy and the possibility of its use in Russia, Terra economicus], 4, 5-11, (2013). [In Russian]
2. Creative industries mapping document, 1998. [Electronic resource] – Available at: <https://www.gov.uk/government/publications/creative-industries-mapping-documents-1998> (Accessed: 18.03.2021)
3. Hawkins J. Kreativnaya ekonomika [Creative Economy] (Moscow: Izdatel'ski dom "Klassika –XXI", 2011, 322 p.). [In Russian]
4. Florida R. Kreativnyj klass: lyudi, kotorye menyayut budushchee [Creative class: people who change the future] (Moscow: Izdatel'ski dom "Klassika –XXI", 2007, 324 p.). [In Russian]
5. Landry C. Kreativnyj gorod [Creative city] (Moscow: Izdatel'ski dom "Klassika –XXI", 2006, 399 p.). [In Russian]

6. The Global creativity index 2015. [Electronic resource] – Available at: <http://martinprosperity.org/media/Global-Creativity-Index-2015> (Accessed: 18.03.2021)
7. Comparing the Creative Economies of Canada, the U.K., and the U.S. [Electronic resource] – Available at: <https://www.citylab.com/life/2016/04/how-do-the-worlds-top-creative-economies-stack-up/479022/> (Accessed: 20.03.2021)
8. Blagova I.Yu. Zarubezhnyj opyt razvitiya kreativnyh industrij, (Problemy sovremennyh sociokul'turnyh issledovanij: sbornik nauchnyh trudov po materialam Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii 27 oktyabrya 2020g [Foreign experience in the development of creative industries, Problems of modern sociocultural research: a collection of scientific papers based on the materials of the International Scientific and Practical Conference October 27, 2020], Belgorod: OOO Agentstvo perspektivnyh nauchnyh issledovanij, 45-48 (2020). [In Russian]
9. Kak razvivaetsya kreativnaya ekonomika v Kazahstane [How the creative economy develops in Kazakhstan]. [Electronic resource] - Available at: https://forbes.kz//woman/industrii_serdtsa_1609328461/ (Accessed: 20.03.2021)
10. Development of the creative economy: why do we need it? [Electronic resource] - Available at: <https://ekonomist.kz/zhussupova/ekonomika-kreativnaia-razvitie/> (Accessed: 20.03.2021)
11. Gross domestic spending on R&D. [Electronic resource] – Available at: <https://data.oecd.org/rd/gross-domestic-spending-on-r-d.htm> (Accessed: 24.03.2021)
12. The National Statistical Bureau of the Republic of Kazakhstan. [Electronic resource] - Available at: <https://stat.gov.kz/> (Accessed: 24.03.2021)
13. World Intellectual Property Indicators 2020. [Electronic resource] – Available at: <https://www.wipo.int/portal/en/index.html> (Accessed: 24.03.2021)
14. Statistics from the National Institute of Intellectual Property. [Electronic resource] - Available at: <https://kazpatent.kz/ru/content/statisticheskie-dannye> (Accessed: 03.24.2021)
15. Ranking of OECD-countries by number of scientists/researchers 2019. [Electronic resource] – Available at: <https://www.statista.com/statistics/264644/ranking-of-oecd-countries-by-number-of-scientists-and-researchers/> (Accessed: 24.03.2021)

Авторлар туралы мәлімет:

Садькова Э.Г. – негізгі автор, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасы «Әлемдік экономика» мамандығының 2 курс магистранты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Оңдаш А.О. – экономика ғылымдарының кандидаты, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доцент м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Sadykova E.G. – **The main author**, The 2nd year master's student in World economy, Department of «International relations and world economy», Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Ondash A.O. – Candidate of Economic Sciences, Acting Associate Professor of the Department of «International relations and world economy», Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.